Товарищество с ограниченной ответственностью
«Алт-Курылыс»

Республика Казахстан, 130 000,
город Актау, мкр-н 27, зд.54, каб. №19;
РНН: 430100226780;
БИН: 040440004975;
Тел.: 8 702 278 27 49

Шотыс № 27
03.08.2018 ж.

Маңғыстау облысы
бойынша
ішкі мемлекеттік аудит
департаментінің басшысы
С.Ж.Қасымовқа

Көшірмелері: Маңғыстау облысының прокуратурасына

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл ұлттық бюросының (Сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызмет) Маңғыстау облысы бойынша Департаментіне

Ұйымдастырушы: "Маңғыстау облысының мемлекеттік сатып алу басқармасы" ММ-сі
Ақтау қ-сы, 14 ш/а, облыс әкімдігінің ғ-ты, БСН: 170640007923, ҚР ҚМ Қазынашылық Комитеті РММ-сі
ЖСК: KZ20070102KSN4301000
БСК: KKMFKZ2A, тел: 8(7292)310513

"Алт-Курылыс" ЖШС-гі
Ақтау қ-сы, 27 ш/а, 54 үй.
БСН 040440004975, БСК IRTYKZKA
ЖСК KZ2896511F0007261089
"ForteBank" АҚ-ы тел.: 87015081080.
87022782749

ШАҒЫМ

(мемлекеттік сатып алуды ұйымдастырушының шешімдеріне қатысты)

Мемлекеттік сатып алуды ұйымдастырушы **"Маңғыстау облысының мемлекеттік сатып алу басқармасы" ММ-мен** № 2672094-ОК1 санды «Маңғыстау облысы, Форт-Шевченко қаласы, Түпқараған аудандық

«ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҚАРЖЫ МИНИСТРЛІГІ
ШІКІ МЕМЛЕКЕТТІК АУДИТ
ОБЛЫСЫ БОЙЫНША ІШКІ МЕМЛЕКЕТТІК АУДИТ
ДЕПАРТАМЕНТІ»
КІРІС № 3Т-М-387
20___Ж. 03.08.18
НЕГІЗГІ
ҚОСЫМША

емхана ғимаратын күрделі жөндеу» жұмыстарына конкурс тәсілімен мемлекеттік сатып алу өткізілген.

Осы мемлекеттік сатып алуға «Алт-Курылыс» ЖШС-гі қатысқан болатын. №2672094-ОК1 санды 02.08.2018 жылғы конкурс қорытындысы туралы хатттамаға сәйкес, «Сарыой-Строй» ЖШС-гі жеңімпаз деп танылған.

Конкурстық комиссияның «Сарыой-Строй» ЖШС-гін жұмыс тәжірибесі бойынша шартты пайыздық әсерін дұрыс есептемеуінің салдарынан, оны конкурсқа қатысуға жібергені төменде көрсетілген себептерге байланысты негізсіз деп санаймыз.

«Сарыой-Строй» ЖШС-нің конкурсқа қатысуға ұсынған біліктілік туралы мәліметінде орындаған жұмыстардың көлемі туралы мәліметі ақпаратқа-

1. 2009 жылы- «Капитальный ремонт ЛТО-3 отделение Мангистауского областного противотуберкулезного диспансера с установкой ограждения КПП» жалпы сомасы- 2 800 000 теңгеге.
2. 2010 жылы- Капитальный ремонт систем отопление в здания ГККП «ОПНД» жалпы сомасы-10 699 970 теңгеге.
3. 2011 жылы- «Капитальный ремонт центральный районный поликлиники в пос. Мангистау» жалпы сомасы- 19 700 000 теңгеге

орындағанын көрсеткен.

Ал, конкурстық комиссия мүшелері осы жоғарыда аталған 3(үш) ғана «Сарыой-Строй» ЖШС-нің жұмыс тәжірибесін қарау кезінде бір қатар заң бұзушылыққа жол берген.

Атап айтқанда-

1. 2009 жылы атқарылған жұмысы бойынша 22.05.2009 жылғы мемлекеттік қабылдау актісінде бас мердігер «Мейрамбек-Сервис» ЖШС-гі орындағаны көрінеді, ал қосалқы мердігер ретінде «Сарыой-Строй» ЖШС-гі жұмыс атқармаған, осыған сәйкес **жұмыс тәжірибесі-0% болуы тиіс.**
2. 2010 жылы атқарылған жұмысы бойынша №92 санды 14.12.2010 жылғы шешімімен мемлекеттік қабылдау актісі тағайындалған және №12-ш санды 31.01.2011 жылғы шешімімен бекітілген, осыған сәйкес жұмыстар 2011 жылы аяқталды деп саналып, **жұмыс тәжірибесі 2011 жылға - 1% пайыз берілуі тиіс.**
3. 2011 жылы атқарылған жұмысы бойынша №378 санды 24.12.2010 жылғы шешімімен мемлекеттік қабылдау актісі тағайындалған және №12-ш санды 31.01.2011 жылғы шешімімен бекітілген, осыған сәйкес жұмыстар 2011 жылы аяқталды деп саналып, **жұмыс тәжірибесі 2011 жылға - 0,2% болуы тиіс.**

Мұндай жағдайда, конкурстық комиссия мүшелері **мемлекеттік сатып алу туралы заңнамасының талаптарын конкурсқа қатысушылардың конкурстық баға ұсынысына әсер ететін өлшемшарттардың салыстырмалы мәнін конкурстық баға ұсыныстарына дұрыс қолданбаған.**

Негізі конкурстық комиссия мүшелері «Сарыой-Строй» ЖШС-нің **жұмыс тәжірибесіне-1,2% шарттық пайыздық әсерін есептеп, оны біліктілік және конкурстық құжаттама талаптарына сәйкес келмейді деп танып, конкурсқа қатысуға жібермеуі керек болатын.**

Бұл өз кезегінде, «Мемлекеттік сатып алу туралы» Заңның 4 бабында көзделген принциптердің бұзылуына, яғни **мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыруда әлеуетті өнім берушілерге мемлекеттік сатып алуды өткізу рәсіміне қатысу үшін тең мүмкіндіктер берілмеген, әлеуетті өнім берушілер арасындағы адал бәсекелестік қалыптаспаған және сыбайлас жемқорлық көріністеріне** жол беріп отыр.

Сонымен қатар, «Сарыой-Строй» ЖШС-нің орындаған жұмыстары бойынша ұсынған мемлекеттік қабылдау актісінің дұрыстығы күмән келтіреді. Себебі:

1. 2010 жылы- Капитальный ремонт систем отопление в здания ГККП «ОПНД» бойынша мемлекеттік қабылдау актісінде 5 тармақта, жобалау сметалық құжаттама №36 санды 24.04.2003 жылғы бұйрығымен бекітілген, ал жұмыстар 2010 жылы орындалған, заң бойынша жобалау сметалық құжаттама 3 жыл ішінде іске асырылуы тиіс болатын *(Қазақстан Республикасындағы сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі туралы Заңының 60 бабының 7 тармағы)*.
2. 2011 жылы- «Капитальный ремонт центральный районный поликлиники в пос. Мангистау» бойынша мемлекеттік қабылдау актісінде 5 тармақта, жобалау сметалық құжаттама №36 санды 26.04.2006 жылғы ***(жазылу шрифтары әр түрлі)*** бұйрығымен бекітілген, ал жұмыстар 2010 жылы орындалған, заң бойынша жобалау сметалық құжаттама 3 жыл ішінде іске асырылуы тиіс болатын *(Қазақстан Республикасындағы сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі туралы Заңының 60 бабының 7 тармағы)*.

Ал, конкурстық комиссия мүшелері «Мемлекеттік сатып алу туралы» Заңның 27 бабының 5 тармағында көзделген құқықтарды пайдаланбай, мемлекеттік қабылдау актілерінің дұрыстығын растау мақсатында мемлекеттік қабылдау актілерінің түпнұсқаларын сұратып салыстырмаған.

Жоғарыдағылардың негізінде, конкурстық комиссия мүшелері «Мемлекеттік сатып алу туралы» Заңының 10,27 баптарына және «Мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру» Қағидасының 150,155 тармақтарына сәйкес, **әлеуетті өнім берушінің жұмыс тәжірибесі бойынша шартты пайыздық әсерін дұрыс есептемеуінің салдарынан,** әлеуетті өнім берушіні Қазақстан Республикасының мемлекеттік сатып алу туралы заңнамасында көзделмеген негіздер бойынша біліктілік және конкурстық құжаттаманың талаптарына негізсіз сәйкес келеді деп танып, конкурсқа қатысушы деп таныған.

Қазақстан Республикасы «Мемлекеттік сатып алу туралы» Заңының 47,48-ші баптарын басшылыққа ала отырып,

СҰРАЙМЫН:

1. Мемлекеттік сатып алуды ұйымдастырушы "Маңғыстау облысының мемлекеттік сатып алу басқармасы" ММ-мен өткізілген №2672094-ОК1 санды 02.08.2018 жылғы конкурс қорытындысын **заңсыз деп танып, қайта қарауға.**

2. «Сарыой-Строй» ЖШС-нің конкурсқа қатысу кезінде конкурс жеңімпазы болуына мүмкіндік берген анық емес ақпарат анықталған жағдайда, **мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушылардың тізіліміне енгізуге.**

3. Мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыруда әлеуетті өнім берушілерге мемлекеттік сатып алуды өткізу рәсіміне қатысу үшін теңдей мүмкіндіктер бермеген, әлеуетті өнім берушілер арасындағы адал бәсекелестік қалыптастырмаған және сыбайлас жемқорлық көрінісіне жол беріп отырған **конкурстық комиссия мүшелеріне тиісті шаралар қабылдауға және қабылдаған шешімдер туралы жауап беруге.**

Жалғанды: 1. 22.05.2009 жылғы мемлекеттік қабылдау актісі.
2. 14.12.2010 жылғы мемлекеттік қабылдау актісі.
3. 24.12.2010 жылғы мемлекеттік қабылдау актісі.
4. «Сарыой-Строй» ЖШС-нің біліктілік туралы мәліметі.
5. Директорды тағайындау туралы бұйрық.

Директор **Д.Нұрбосын**

Жалғанды тиісті құжаттар көшірмесі барлығы 19(он тоғыз) бетте.